әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
География және табиғатты пайдалану факультеті
Рекреациялық география және туризм кафедрасы

10-дәріс

Дәйексөз келтіру және академиялық өзгертіп жазу (paraphrasing) тәсілдері

Scientific Writing



ДӘРІСКЕР

Елдар Нұрұлы
Аға оқытушы, аға ғылыми қызметкер, PhD Candidate

Дәрістің мақсаты

1. Тікелей және жанама дәйексөздің айырмашылығын түсіну және қолдану
2. APA 7th edition дәйексөз ережелерін меңгеру
3. Интегралды / интегралды емес дәйексөздерді ажырату (Swales жіктемесі)
4. Баяндау етістіктерін (reporting verbs) саналы таңдау
5. Академиялық парафраз дағдысын «Оқы–Жап–Жаз» тәсілімен бекіту
6. Патчрайтинг пен плагиаттың айырмашылығын тану

1 Дәйексөздің ғылыми мәтіндегі рөлі

Интеллектуалдық меншікті құрметтеу

Автордың еңбегін мойындау – академиялық адалдықтың іргетасы

Ғылыми верификация

Оқырман бастапқы дереккөзді тауып, тексере алады

Ғылыми диалогқа қосылу

«Мен қандай дәстүрдің ішіндемін» деп көрсету

Мәтін сенімділігін арттыру

Дұрыс дәйексөз = авторитетті зерттеу

2 Тікелей және жанама дәйексөз

Тікелей дәйексөз (Direct)

Автордың сөзбе-сөз мәтіні

Қашан қолданамыз?

- Анықтама/термин нақты беру керек
- Автордың дәл сөзі маңызды
- Ойды басқаша айту мүмкін емес

APA: < 40 сөз → тырнақша + (б.)

APA: ≥ 40 сөз → блокты дәйексөз

Жанама дәйексөз (Indirect)

Идеяны өз сөзімен баяндау

Қашан қолданамыз?

- Идеяны өз логикаңызға бағындыру
- Бірнеше дереккөзді біріктіру
- Мәтіннің 80-90% осылай!

APA: бет нөмірі міндетті емес,

бірақ ұсынылады

2 Мысалдар: тікелей vs жанама

Тікелей: Butler (1980) өзінің классикалық мақаласында «the concept of a tourist area cycle of evolution has implications for the management of such areas as resources» (p. 5) деп атап өтті.

Жанама (парафраз): Leiper (1979) туризмді үш аймақтан тұратын жүйе ретінде сипаттады: туристерді жіберуші аймақ, транзит жолы және баратын аймақ.

Маңызды: Ғылыми мәтіннің 80-90% жанама дәйексөзден (парафраздан) тұрады. Тікелей дәйексөз – тек қажет жерде қолданылатын құрал.

3 APA 7th Edition: негізгі ережелер

Жағдай	Жақшалы сілтеме	Баяндамалы сілтеме
Бір автор	(Smith, 2020)	Smith (2020)
Екі автор	(Gass & Varonis, 2020)	Gass and Varonis (2020)
3+ автор	(Alloy et al., 2020)	Alloy et al. (2020)
Ұйым (1-рет)	(World Tourism Organization [UN Tourism], 2023)	World Tourism Organization (UN Tourism, 2023)
Ұйым (қайта)	(UN Tourism, 2026)	UN Tourism (2026)
Жанама дереккөз	—	Johnson argued… (as cited in Smith, 2020)

APA 7th жаңалықтары:

- 3+ автор → бірден «et al.» (бұрын 3-5 автор толық жазылатын)
- 20-ға дейін автор тізімде (бұрын 7)
- DOI гиперсілтеме: https://doi.org/10.xxxx
- Баспа орны көрсетілмейді

apastyle.apa.org

3 APA 7th: әдебиеттер тізімі форматтары

Журнал мақаласы

Author, A. A., & Author, B. B. (Year). Title of article. Title of Journal, Volume(Issue), Pages. https://doi.org/xxxxx

Кітап

Author, A. A. (Year). Title of the book (Edition). Publisher.

Кітап тарауы

Author, A. A. (Year). Title of chapter. In B. B. Editor (Ed.), Title of the book (pp. xx–xx). Publisher.

Веб-сайт

Author, A. A. (Year, Month Day). Title of page. Website Name. URL

3 Бір дереккөз — төрт стиль

Butler, R. W. (1980). The concept of a tourist area cycle of evolution. Canadian Geographer, 24(1), 5–12.

APA 7th	**(Butler, 1980)**	Butler, R. W. (1980). The concept of a tourist area cycle of evolution. *Canadian Geographer, 24*(1), 5–12.
ГОСТ	**[1, с. 5]**	Butler R.W. The concept of a tourist area cycle of evolution // Canadian Geographer. – 1980. – V. 24, No. 1. – P. 5–12.
Harvard	**(Butler 1980)**	Butler, R.W. (1980) ‘The concept of a tourist area cycle of evolution’, *Canadian Geographer,* 24(1), pp. 5–12.
Chicago	**(Butler 1980, 5)**	Butler, Richard W. 1980. “The Concept of a Tourist Area Cycle of Evolution.” *Canadian Geographer* 24 (1): 5–12.

Туризм журналдарының басым көпшілігі (Annals of Tourism Research, Tourism Management, JTR) APA 7th қолданады.

3 Жанама дереккөз (Secondary Source): абайлаңыз!

ҚАТЕ: Сіз Butler (1980) мақаласын оқымадыңыз, бірақ Smith (2020) кітабында Butler туралы оқыдыңыз. Мәтінде «(Butler, 1980)» деп жаздыңыз – бұл оқымаған дереккөзге тікелей сілтеме жасау!

ДҰРЫС: APA 7th бойынша «as cited in» қолданыңыз:
Butler (1980, as cited in Smith, 2020) argued that tourist areas go through predictable stages of development.
Әдебиеттер тізімінде тек Smith (2020) жазылады.

Ереже: оқымаған дереккөзге тікелей сілтеме жасамаңыз. Мүмкіндігінше бастапқы дереккөзді тауып оқыңыз.

Д Ұ Р Ы С / Қ А Т Е ?

APA 7th edition ережелерін тексеріңіз

1. Үш авторлы мақалаға бірінші рет сілтеме: (Kim, Lee, & Park, 2022)

✗ Қате → (Kim et al., 2022)

2. Тікелей дәйексөзде бет нөмірі: (Smith, 2020, p. 34)

✓ Дұрыс

3. DOI жазылуы: doi: 10.1016/j.tourman.2023.01

✗ Қате → https://doi.org/10.1016/...

4. Жанама дәйексөзде бет нөмірі міндетті емес

✓ Дұрыс (бірақ ұсынылады)

Қолды көтеріңіз: дұрыс ✓ немесе қате ✗? · 1 минут

4 Swales жіктемесі: интегралды / интегралды емес

Интегралды

Автор = сөйлемнің бастауышы

Butler (1980) туристік аймақтың өмірлік цикл моделін ұсынды.

Қашан: авторлық позицияны бағалау, салыстыру кезінде

Интегралды емес

Автор = жақша ішінде

Туристік аймақтың өмірлік циклі алты кезеңнен тұрады (Butler, 1980).

Қашан: идея/факт алдыңғы планда, бірнеше дереккөзді топтау

Дереккөз: Swales J.M. (1990). Genre Analysis. Cambridge University Press.

4 Интегралды дәйексөздің ішкі түрлері

Етістікті басқаратын (verb-controlling)

Smith (2020) argues that…

Pecorari (2013) emphasizes…

Ең жиі кездесетін түр. Автор – бастауыш, баяндау етістігі – баяндауыш.

Атаулы (naming)

Butler's (1980) model…

According to Leiper's (1979) framework…

Автор есімі зат есім тіркесінің бөлігі.

Ұсыныс: Стильді әртараптандыру үшін екі түрді де алмастырып қолданыңыз. Тәжірибелі зерттеушілер интегралды мен интегралды емес дәйексөзді кезектестіреді (Hyland, 1999).

Дереккөздер: Thompson G., Tribble C. (2001); Hyland K. (1999); Mansourizadeh & Ahmad (2011).

5 Баяндау етістіктері (Reporting Verbs)

Бейтарап (Neutral)	*states, notes, describes, reports, explains, examines*
Келісімді (Factive)	*confirms, demonstrates, establishes, shows, reveals*
Күмәнді/Сын (Counter-factive)	*challenges, disputes, questions, rejects, critiques*
Болжамды (Tentative)	*suggests, implies, indicates, proposes, hypothesizes*
Пікірталастық (Assertion)	*argues, claims, asserts, contends, maintains, emphasizes*

Дереккөз: Hyland K. (1999, 2002); Thompson G. & Ye R. (1991).

5 Баяндау етістіктері: мысалдар

notes (бейтарап)

Veal (2018) notes that quantitative and qualitative methods are complementary.

demonstrates (келісім)

Pecorari (2003) demonstrates that patchwriting is a developmental stage.

challenges (сын)

Leiper (2004) challenges the continued relevance of Butler's model.

suggests (болжам)

Howard (1993) suggests that patchwriting may serve a positive function.

argues (пікірталас)

Butler (1980) argues that all destinations go through a predictable life cycle.

ТАПСЫРМА

Етістікті ауыстырыңыз – мағына қалай өзгереді?

Бастапқы сөйлем:
Butler (1980) states that tourist areas evolve through six stages.

1. «states» → «argues» ауыстырыңыз. Мағына қалай өзгерді?

2. «states» → «suggests» ауыстырыңыз. Мағына қалай өзгерді?

3. «states» → «challenges» ауыстырыңыз. Мағына қалай өзгерді?

states = бейтарап факт · argues = пікірталастық · suggests = болжам · challenges = сынға қарсы

6 Академиялық парафраз: анықтамасы

Парафраз = автордың идеясын түпнұсқа мәнін сақтай отырып, өз сөздерімен және өз сөйлем құрылымымен қайта жазу.

Бұл тек синонимге ауыстыру емес – мәтіннің толық трансформациясы!

Міндетті: дереккөзге сілтеме қосу.

	Парафраз	Түйіндеме (Summary)
Ұзындығы	Түпнұсқамен шамалас	Түпнұсқадан әлдеқайда қысқа
Мазмұны	Нақты бір идея/тұжырым	Бүкіл мәтіннің негізгі ойлары
Мақсаты	Белгілі бір идеяны өз сөзбен	Ұзын мәтінді қысқаша баяндау

6 «Оқы – Түсін – Жап – Жаз» тәсілі

1 Мұқият оқу

Түпнұсқаны бірнеше рет оқыңыз, негізгі идеяны анықтаңыз

2 Түсіну

«Автор нені дәлелдейді? Негізгі ойы не?» деп сұраңыз

3 Дереккөзді жабу

Түпнұсқаға қарамай, мәтінді жабыңыз

4 Өз сөзіңізбен жазу

«Досыңызға түсіндіру» сияқты жазыңыз + трансформация тәсілдері

5 Салыстыру

Түпнұсқамен салыстырыңыз: мағына дұрыс па? Тым ұқсас жер бар ма?

6 Дәйексөз қосу

Парафраздың соңына (Author, Year) сілтемесін қосыңыз

6 Лингвистикалық трансформация тәсілдері

Синоним ауыстыру

income → revenue, табыс

⚠ **Терминдерді өзгертпеу!**

Сөйлем құрылымын өзгерту

Күрделі → жай; бастауыш ↔ баяндауыш

Етіс ауыстыру

Active → Passive немесе керісінше

Сөз формаларын өзгерту

Зат есім → етістік: «болжау» → «болжайды»

Ақпарат ретін өзгерту

Себеп-салдар ретін қайта ұйымдастыру

6 Сәтті vs сәтсіз парафраз

Түпнұсқа: «Tourism is one of the world's fastest growing industries and is a major source of income for many countries» (Veal, 2018, p. 3).

Патчрайтинг (ҚАТЕ): «Туризм – әлемдегі ең тез өсетін индустриялардың бірі және көптеген елдер үшін кірістің негізгі көзі.»

→ Тек сөздер ауыстырылған, сөйлем құрылымы бірдей!

Дұрыс парафраз: Veal (2018) атап көрсеткендей, туризм қарқынды дамып келе жатқан саланың бірі ретінде мемлекеттердің экономикасына елеулі үлес қосады.

→ Құрылым, сөздер, логика толық өзгертілген, мағына сақталған.

Дереккөз: Pecorari D. (2003); Roig M. (2001) – 22% профессорлар да бейтаныс саладан патчрайтинг жасайды.

6 ЖИ парафразы (QuillBot) – неге жеткіліксіз?

Түпнұсқа: «Sustainable tourism aims to minimize environmental impacts while maximizing benefits for local communities.»

ЖИ-парафраз (QuillBot тәрізді): «Sustainable tourism seeks to reduce environmental effects while optimizing advantages for local populations.»

→ Тек синонимдер ауыстырылған (aims→seeks, minimize→reduce, impacts→effects). Құрылым бірдей = патчрайтинг!

Адамның парафразы: UN Tourism (2024) ұйымының анықтамасы бойынша, тұрақты туризм қоршаған ортаға тигізетін зиянды барынша азайтуды, ал жергілікті тұрғындарға келетін пайданы барынша арттыруды көздейді.

→ Толық трансформация: басқа тіл, басқа құрылым, мағына сақталған.

Turnitin (2024-2025): QuillBot-пен қайта жазылған мәтіннің 70%+ анықталады. Көптеген университеттер (Oxford, т.б.) ЖИ-мен парафраздалған мәтінді рұқсатсыз қолдануды плагиат деп жариялады.

Т А П С Ы Р М А

Өзіңіз парафраз жасаңыз!

Түпнұсқа:

«Heritage tourism involves visiting historical sites, monuments, and cultural landscapes to experience the traditions and history of a place» (Timothy & Boyd, 2003, p. 1).

Қадамдар:

1. Оқыңыз, түсініңіз

2. Мәтінді жабыңыз

3. Өз сөзіңізбен жазыңыз

4. Дереккөзді қосыңыз

5. Түпнұсқамен салыстырыңыз

6 Студенттердің жиі қателері

Тек синонимдерді ауыстыру	Құрылымды да толық өзгертіңіз
Түпнұсқаға қарап жазу	«Жап – Жаз» тәсілін қолданыңыз
Мағынаны бұрмалау	Алдымен түсініңіз, содан кейін жазыңыз
Сілтеме қоспау	Парафраз = әлі де дәйексөз, сілтеме міндетті!
Тым аз өзгерту	Салыстыру қадамын міндетті орындаңыз

Дереккөздер: Pecorari D. (2003); Shi L. (2012); Roig M. (2001).

7 Патчрайтинг: плагиат па, дағды ма?

Rebecca Moore Howard (1993): патчрайтинг = «бастапқы мәтінді көшіріп, кейбір сөздерді ауыстыру, грамматикалық құрылымдарды өзгерту».

Бұл – академиялық жазуды үйренудің табиғи кезеңі, алдау мақсаты емес.

Зерттеулер нені көрсетеді?

- Roig (2001): 22% психология профессорлары бейтаныс саладан патчрайтинг жасайды
- Pecorari (2003): докторанттар да патчрайтинг жасайды, бірақ плагиат ниеті жоқ
- Jamieson (2024): мәселе этикада емес, мәтіндік дағдыда жатыр

Шешім: патчрайтингті «жазалау» емес, «оқыту» арқылы шешу – парафраз дағдысын жүйелі жаттықтыру.

Дереккөздер: Howard R.M. (1993). JTW, 11(2), 233–245; Pecorari D. (2003); Roig M. (2001); Jamieson S. (2024) in Eaton (Ed.), Second Handbook of Academic Integrity, Springer.

Д Ұ Р Ы С / Қ А Т Е ?

Плагиат пен парафраз шекарасы

1. Парафраз жасадым, бірақ сілтеме қойған жоқпын → бұл адал жұмыс

✗ Қате → сілтемесіз парафраз = плагиат

2. QuillBot арқылы мәтінді «қайта жаздым» → бұл менің парафразым

✗ Қате → ЖИ-парафраз ≠ сіздің парафразыңыз

3. Патчрайтинг – студенттің дағды жетіспеушілігінен туындайды

✓ Дұрыс (Howard, 1993; Pecorari, 2003)

4. «Sustainable tourism» терминін «тұрақты туризм» деп ауыстыру — парафраз

✗ Қате → термин аудармасы, парафраз емес

1 минут

8 Туризм зерттеулеріндегі дәйексөз тәжірибесі

Негізін қалаушы авторлар

Интегралды дәйексөз: «Butler's (1980) TALC model posits that…»

Статистикалық деректер

Ұйымдық дәйексөз: (UNWTO, 2023), (WTTC, 2022)

Дәйексөз тізбектері

Бірнеше дереккөз: (Briguglio et al., 1996; Butler, 1991; Sharpley, 2000)

Дәйексөзге не әсер етеді?

Мақала жасы, автор беделі, пәнаралық сипат, шолу мақала болу (Huang et al., 2025)

Дереккөз: Huang S., Shao Y., Zhang D. (2025). What drives citations in tourism research? Annals of Tourism Research, 110, 103886.

8 Практикалық кеңес: Zotero

Zotero – тегін дереккөз менеджері

- Дереккөздерді автоматты жинайды (браузер плагині)
- APA, ГОСТ, Harvard – кез келген стильге форматтайды
- Word/Google Docs-пен интеграция
- Әдебиеттер тізімін автоматты құрастырады

Қазір бастасаңыз – дипломдық жұмысқа дайын онлайн кітапханаңыз болады!

zotero.org

Тағы пайдалы ресурстар:

- APA Style Blog: apastyle.apa.org – ережелер, мысалдар, жаңартулар
- Purdue OWL: owl.purdue.edu – APA, MLA, Chicago нұсқаулықтары
- Mendeley: mendeley.com – тағы бір тегін дереккөз менеджері

Purdue OWL

8 Грамматикалық уақыт: қайсысын қолдану?

Жағдай	Уақыт формасы	Мысал
Нақты зерттеу нәтижесі	Past Simple	Smith (2020) found that…
Зерттеулер жалпы көрсеткен	Present Perfect	Researchers have shown that…
Жалпы қабылданған тұжырым	Present Simple	These findings suggest that…
Автордың пікірі (Chicago)	Present Simple	Butler (1980) argues that…

APA стилінде: өткен шақ (found) немесе аяқталған өткен шақ (have found) – ең жиі қолданылатын формалар.

ҚОРЫТЫНДЫ: 6 НЕГІЗГІ ОЙ

1. Дәйексөз = ғылыми диалог, тек «ереже» емес
2. APA 7th edition – туризм зерттеуінің негізгі стилі
3. Интегралды + интегралды емес дәйексөзді кезектестіріңіз
4. Reporting verb = авторлық позицияны білдіру құралы
5. Парафраз ≠ синонимге ауыстыру; «Оқы–Жап–Жаз» тәсілін қолданыңыз
6. ЖИ-парафраз = патчрайтинг; нағыз парафраз – өз ойлауыңыз

? Бақылау сұрақтары

1. Тікелей дәйексөзді қашан қолдану керек, ал қашан жанама дәйексөз тиімдірек?
2. APA 7th edition бойынша 3+ авторлы дереккөзге сілтеме қалай жазылады?
3. Интегралды мен интегралды емес дәйексөздің айырмашылығы неде?
4. «argues» мен «suggests» етістіктерінің мағыналық айырмасы қандай?
5. Парафраз бен патчрайтингтің шекарасы қайда?
6. ЖИ құралдарын парафразда қолданудың тәуекелі неде?

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. APA (2020). Publication Manual of the APA. 7th ed.

2. Swales J.M. (1990). Genre Analysis. Cambridge University Press.

3. Swales J.M., Feak C.B. (2012). Academic Writing for Graduate Students. 3rd ed.

4. Hyland K. (1999). Academic attribution: Citation and the construction of disciplinary knowledge.

5. Pecorari D. (2003). Good and original: Plagiarism and patchwriting in academic writing.

6. Howard R.M. (1993). A Plagiarism Pentimento. JTW, 11(2), 233–245.

7. Roig M. (2001). Plagiarism and paraphrasing criteria of college and university professors.

8. Shi L. (2012). Rewriting and paraphrasing source texts. JSLW, 21, 134–148.

9. Huang S. et al. (2025). What drives citations in tourism research? ATR, 110, 103886.

10. Veal A.J. (2018). Research Methods for Leisure and Tourism. 5th ed. Pearson.

11. Jamieson S. (2024). In Eaton (Ed.), Second Handbook of Academic Integrity. Springer.

Назарларыңызға рақмет!

әл-Фараби атынд. ҚазҰУ
әл-Фараби даңғ., 71/19
Алматы қ., 050040
Қазақстан Республикасы

+7 778 879 75 93

yeldar.nuruly@kaznu.edu.kz

https://farabi.university/

